

# Сыни ойлауды дамытуға арналған мүмкіндіктер аймағы

**Сыни ойлау** (бұдан әрі – СО) – бұл қабылдаудың, түсінудің, өзін қоршаған ақпараттық кеңістікке деген объективті көзқарасымен сипатталатын адамның зияткерлік қызметінің бір түрі, бұл

- жаңа, мағынаға толы *сұрақтар* қою;
- әртүрлі, нақты *дәлелдер* шығару;
- тәуелсіз ойластырылған *шешім* қабылдау қабілеттері.

## Назар аударыңыз

СО – шыққан нәтижені стандартты, әрі стандартты емес жағдайларға, мәселелерге, сұрақтарға қатысты қолдану үшін ақпаратты логика және тұлғалық-психологиялық көзқарас тұрғысынан талдау қабілеті.

Аталған тәсілдерді сабақтың үшсатылы құрылымы мәнмәтінінде қолдану, технологиялық циклді толық жаңғырту болып табылады, ол: **Шақыру – Ұғыну – Рефлексия.**

**"Шақыру" кезеңі** тақырыпты талқылауға ұсынады және оқушылардың осы тақырыпқа ойлануына, мәселелерін қарастыруына септігін тигізеді. Осы кезеңдегі оқу қызметі оқу үдерісінің өзіндік дәлелдеуші зерттеулеріне негізделген, ол бізге тақырып бойынша өткендерімізді еске түсіруді ұсынғанда, біз мәселелерді көтеріп, алдымызға жеке оқу мақсаттарын қойған кезде біздің үздік оқитынымызды нақтылайды.

Ақпарат тыңдалады, жазылып алынады, талқыланады, жеке – жұппен – топпен жұмыс жүргізіледі.

**"Ұғыну" кезеңі (ойын жүзеге асыру)** – ақпаратпен тікелей жұмыс жүргізіледі. Технология әдістері мен тәсілдері оқушының белсенділігін сақтауға, оқудың немесе тыңдаудың мәнін арттыруға мүмкіндік береді.

Жаңа ақпаратпен (мәтін, фильм, дәріс, параграф материалы) тікелей қарым-қатынас орнайды, жұмыс жеке немесе жұппен жүргізіледі.

**"Рефлексия" (ойлану) кезеңі** – ақпарат талданады, түсіндіріледі, шығармашылық тұрғыдан өңделеді.

Зерттелген ақпаратты шығармашылық өңдеу, талдау, түсіндіру жүргізіледі, жұмыс жеке – жұппен – топпен жүргізіледі.

[СО дамыту технологиясы әдістері мен тәсілдері.](#)

СО технологиясының артықшылықтары:

- өз білімінің сапасына деген жауапкершілік артады;

- кез келген мәтін түрімен және ауқымды ақпарат көлемімен жұмыс істеу машықтары дамиды; оқушылар ақпаратты ықпалдастыру дағдысын меңгереді;
- әртүрлі тәжірибені, идеялар мен түсініктерді ұғыну негізінде өз пікірін қалыптастыру, ой қорытындылары мен дәлелдердің логикалық тізбектерін құру дағдысы туындайды (жүйелі логикалық ойы дамиды);
- шығармашылық және талдау қабілеттері, өзге адамдармен тиімді жұмыс істеу машықтары дамиды; айналасындағыларға қатысты өз ойын нақты, сенімді әрі дұрыс жеткізу дағдысы қалыптасады;
- қызықты әрі танымдық мәтін құрастырылатын материалды меңгеру барысында аталған технология барынша тиімді.

© Материал из ЭС «ACTUALIS: Образование»  
<https://vip-edu.mcfir.kz>